

2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымның Жарғысына өзгерістер енгізу туралы үшінші хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 319-VI ҚРЗ.

2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымның Жарғысына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 8 қарашада Астанада жасалған үшінші хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымның Жарғысына өзгерістер енгізу туралы

ҮШІНШІ ХАТТАМА

(2021 жылғы 19 қантарда күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2021 ж., N 1, 4-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымына мүше мемлекеттер

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымы (бұдан әрі - Ұйым) қызметінің тиімділігін арттыруға ниет білдіре отырып,

Ұйымға мүше болып табылмайтын мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ұмтыла отырып,

2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымы Жарғысының (бұдан әрі - Жарғы) 27-бабына сәйкес төмендегілер туралы уағдаласты:

1. VII тарау мынадай редакцияда жазылып, Жарғыға өзгерістер енгізілсін:

"VII тарау Байқаушылар мен Әріптестер

21-бап

Ұйымның ашиқ нормативтік құқықтық базасын, қызмет тәжірибесі мен практикасын зерделеуге қызығушылық танытатын Ұйымға мүше болып табылмайтын мемлекеттер, сондай-ақ халықаралық ұйымдар Ұйымның практикалық іс-шараларына қатысу туралы міндеттемелер қабылдамастан, Ұйым жанындағы Байқаушы мәртебесін ала алады.

Ұйымның Байқаушысы мәртебесі, оны алу және тоқтату тәртібі Кеңес бекітетін тиісті ережемен айқындалады.

21¹-бап

Ұйымның мақсаты мен қағидаттарын жақтайтын, өзара қызығушылық тудыратын салаларда Ұйыммен өзара тиімді ынтымақтастық қатынасын орнату мен дамытуды қалайтын, Ұйымға мүшес болып табылмайтын мемлекеттер, сондай-ақ халықаралық ұйымдар Ұйымның практикалық іс-шараларына қатысу бойынша міндеттемелер қабылдап, Ұйымның Әріптесі мәртебесін ала алады.

Ұйымның Әріптесі мәртебесі, оны алу және тоқтату тәртібі Кеңес бекітетін тиісті ережемен айқындалады.".

2. Осы Хаттама Жарғының 26-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2018 жылғы 8 қарашада Астана қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымның Хатшылығында сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін

Қыргыз Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымның Жарғысына өзгерістер енгізу туралы Үшінші хаттаманың орыс тіліндегі мәтіні мен қазақ тіліндегі аудармасының тентүпнұсқалы екенін қуәландырамын.

ҚР СІМ Әкімшілік жұмыс және бақылау
департаментінің Мемлекеттік тіл
басқармасының бірінші хатшысы

А.Бекбосынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК